

ұстанып, аудиториясын үнемі білімге шақырады. Әлия Әшім аналитикалық дерегін аудиторияға ерекше ұсынады. Жоғары сапа, кәсіби монтаждау, тың ақпараттар – Әлия Әшімді сипаттап беретін сөздер.

Әлия Әшімнің Q REC деп аталатын ютуб арнасы бар. Дәл осы жерде барлық құнды аналитикаға толы дүниелер барша әлемге жарияланады. Осыдан бір ай бұрын дәл сондай материал таралып қазіргі күні 51 мың қаралым жинап отыр. Бұл Қазақстандағы адам санының 0,25% көрсетеді. Видеоматериалды көріп отырып, деректі фильм, ғылыми, аналитикалық мақала даярлауда журналистік зерттеудің, журналистикада аналитикалық журналистиканың маңызды роль атқаратынын түсінуге болады. [5]

Журналистика сөзсіз көп салалы, бірақ кейде сөзі көп, дәлелі жоқ түсініксіз сала болып көрініп жатады. Сол үшін, менің ойымша бакалаврда журналист болуға емес, журналист-аналитик болуға даяулау керек сияқты. Себебі, журналистік этика мен мәтін жазу, операторлық пен ораторлық қабілеттерін меңгерту 4 жыл оқытуды қажет етпейді. Ақпаратты сөзбен айтуды ғана емес, дәлелдемемен айтуды үйренсек Қазақстан арасында аналитикалық журналистика 100% сенім артатын ақпарат көзі болмақ. «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы да мықты», - деп Міржақып Дулатұлы айтқандай, бәсекеге қабілетті ел болғымыз келсе, білікті мамандар дариялап, БАҚ-тың ел ертегі үшін маңыздылығын қазірден бастап түсінейік.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «Media School CABAR.asia» Украиндық медиа мектеп ютуб арнасының сұхбаты: [https://youtu.be/JbW0SNvm69E?si=uXdT0\\_r\\_xbvEZII](https://youtu.be/JbW0SNvm69E?si=uXdT0_r_xbvEZII) 2019 ж. Украина (20.01.2024)
2. MDQ медиа даму қоры «Аналитикалық журналистика: мазмұны мен қолдану аясы туралы критерилер» сараптамалық материалы: <https://mdq.kz/upload/pdf/KAZ%20Аналитическая%20журналистика.pdf> 2021 ж. Астана (01.02.2024)
3. SimilarWeb ақпарат тасымалдаушы веб-сайт (2009 жылдан бері жұмысын атқарып келеді.) <https://www.similarweb.com/ru/website/nytimes.com/#overview> 2024ж.
4. Белякова Л.П. Аналитическая журналистика в системе информационного обеспечения инновационных проектов / Л.П. Белякова; научный редактор О.Г. Слука. - Минск : БГУ, 2013. - 213, [3] с. - (Библиотека журналиста). - Библиогр.: с. 198-214. - ISBN 978-985-518-822 <https://megapro.enu.kz/ProtectedView/Book/ViewBook/44135>
5. Q REC ютуб арнасының сілтемесі: [www.youtube.com/@QRECprod](http://www.youtube.com/@QRECprod)
6. Әлия Әшімнің әлеуметтік желісі: [instagram.com/aliyaashim](https://instagram.com/aliyaashim)

ӘОЖ 316.32

#### **ДРОН ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖУРНАЛИСТ ӨМІРІНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**Мұханжан Гүлназ Жексенбайқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
2 курс студенті,  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Алғалиева Г.С.

**Аңдатпа.**

Қазіргі таңдағы өзекті, қоғамдық пікір алаңында жиі сөз болып жүрген мәселенің бірі – журналистің қауіпсіздігі. Мақалада мультимедиа дамыған заманда дрон журналистиканың ұғымын, маңызын түсіндіреді. Ақпарат алу барысында журналист мамандар үшін көптеген қиындықтар кезігеді. Легитимді жолмен дрондарды қолдану медиа саласындағы мамандарға ең алдымен өміріне қауіпсіздік алып келеді деген ойдамын. Бұл мақалада дрон журналистика басқа мемлекеттердегі тәжірибелер сөз ете отыра Қазақстанға керек кейстерді салыстырып қарастырамыз. Сонымен қатар, ақпарат алу жағдаяттарын қарастыра отырып, журналистикаға дрондардың қолданудың реті, қажеттілігін түсінеміз.

**Кілт сөздер:** Журналистика, дрон, қауіпсіздік, журналист, технология, әлем, жаһандық медиа.

#### **Аннотация.**

Одна из актуальных на сегодняшний день проблем, о которой часто говорят на площадке общественного мнения, – это безопасность журналиста. В статье объясняется понятие, значение дрон-журналистики в эпоху развития мультимедиа. В процессе получения информации журналист сталкивается со многими трудностями для специалистов. Я думаю, что использование беспилотников легитимным способом принесет безопасность специалистам в области медиа в первую очередь. В этой статье мы сравним кейсы, которые нужны Казахстану, обратившись к опыту дронной журналистики в других странах. Кроме того, рассматривая обстоятельства получения информации, мы понимаем необходимость, порядок применения дронов к журналистике.

**Ключевые слова:** Журналистика, дрон, безопасность, журналист, технологии, мир, глобальные СМИ.

#### **Annotation.**

One of the most pressing issues today, which is often discussed on the platform of public opinion, is the safety of a journalist. The article explains the concept and importance of drone journalism in the era of multimedia development. In the process of obtaining information, a journalist faces many difficulties for specialists. I think that using drones in a legitimate way will bring security to media professionals in the first place. In this article, we will compare the cases that Kazakhstan needs, referring to the experience of drone journalism in other countries. In addition, considering the circumstances of obtaining information, we understand the need and the procedure for applying drones to journalism.

**Keywords:** Journalism, drone, security, journalist, technology, world, global media.

Тарихқа көз жүгіртсек ғасырлар өткен сайын әлемде жаһандану процесі орын алған. Журналистиканың газеттен басталуы, одан кейін радиоға, телевизияға ауысуы да даму сатысына жатқыза аламыз. Соңғы он жылдықта ғаламтор желісі қарқынды дамығандығы сонша, ақпаратты біз кез келген жерден қалаған уақытымызда ала аламыз. Міне, қазір журналистерге ақпаратты алу үшін таптырмас құрал – дрон. Толықтай терминге енген кейіпінде айтсақ “дрон журналистика”. Бұл дегеніміз әртүрлі бейне түрлерін түсіру және жасау үшін дрон деп аталатын құралды пайдаланатын журналистика саласы.

Медиалингвистиканы зерттеушілердің бірі В. Ф. Познин журналистикадағы дрон терминін : «Дрон — қашықтан басқара отырып бейне түсіруге мүмкіндік беретін, сонымен қатар тікұшақтарды алмастыра алатын құрал»-, деп тұжырымдайды [1]. Дрон журналистика пайда болғанын ресми түрде The New York Times 2011 жылы жариялаған [2].

Сол кезден бері журналистер ақпарат алу мақсатында дронды қолдана бастады және сол үшін де қазір дрон журналистерге құнды құрал. Drone Journalism Lab дронмен командалық жұмыста үш рөлге бөлді: ұшқыш, бақылаушы, журналист [3]. Ұшқыш - яғни дрон түсірілу аймағына тікелей баратын актор. Бақылаушы – дронның барлық жағдайын қадағалайды, бейнематериалдың толықтай жеткізілуін бақылауда ұстайды.

Журналист сол жиналған бейнематериал бойынша өз тұжырымдамасын халыққа ұсынады. Ескеретін жайт, журналист бақылаушы рөлінде атқара алады. Дрондарды жаңалықтар оқиғаларын түсіру, атмосфералық материалдар жасау, журналистік зерттеу, қоршаған ортаны бақылау, аудиторияны үшін жедел ақпараттандыру үшін т.б. салаларға пайдалануға болады.

**Журналистикада дрондарды қолданылуы:**

➤ **Жаңалықтар оқиғаларын түсіру:** табиғи апаттар (су тасқыны, өрт), шерулер, митингтер, жол апаттары және т.б. сияқты әртүрлі оқиғаларды түсіру үшін дрондарды пайдалану. Мысалы, дрондар журналистерге жағдай туралы көрерменге толық түсінік беруді, жайт орын алып жатқан аймақты шолуды қамтамасыз ете алады. Мысалы, “Black Lives Matter”, “Семей орманы өрті” ситуацияларда мәселенің ауқымдылығын, проблеманы толық ашып көрсетуге, материалды тұздығымен беру үшін дрондар таптырмас құрал. Себебі оператор мен журналист оқиға орнына барамын, түсіремін дегенше көп уақыт құртады. Сонымен қатар, жоғарыда аталып өтілген кейстерде бейнематериал жинау қиындығын да ескерген жөн.

➤ **Журналистік зерттеу:** дрондар адамға жетуі қиын немесе әртүрлі қауіпті аймақтарды зерттеу, проблематикалық мақала жазу үшін пайдалануға оңтайлы. Бұл журналистерге басқа жолдармен алуға қиын болатын бірегей кадрлар мен ақпаратты білуге мүмкіндік береді. Қазір ақпарат жинау барысында журналистерді кіргізбеу секілді жайттар орын алып жатыр. Мысалы, журналист Нэлли Блай психикалық ауруханадағы жағдайды ашу үшін психикалық ауытқуы бар адам секілді кейіп танытқан. Сол арқылы өз заманында эксклюзив жаңалық жасаған [4]. Қазіргі заманмен салыстыра отыра дрондарды кішкентай көлемде жасап, бейнематериал үшін қолдануға болады. Сол арқылы журналистер журналистік зерттеуді уақыт үнемдеп, көп бейнематериал ақпаратпен мәселе көтеруге құзырлы болады. Ең бастысы бас қауіпсіздігі сақталады.

➤ **Атмосфералық материалдарды жасау:** дрондар табиғаттың сұлулығын, сәулет ескерткіштерін немесе дала пейзаждарын көрсететін түрлі-түсті және әсерлі бейнелер мен фотосуреттер жасау үшін пайдалануға икемді. Мұндай материалдарды журналистік жобаларда мақалаларды иллюстрациялау немесе мультимедиялық репортаждар жасау үшін пайдалануға болады. Мысалы, атмосфералық материалдар жасау үшін дрондарды қолдану Қазақстанда дамыған. Әсіресе, фотожурналистика саласына қолдану керек деп ойлаймын. Бұл да үлкен биіктікке шығып түсірудің орнына, журналистің өмірін қауіпсіздендіре отырып, дрон арқылы бейнематериалды ала алу процесіне жатқыза аламыз.

➤ **Бақылау және талдау:** ауаның ластануы, климаттың өзгеруі, қоғамдық көлік және жол кептелісі сияқты қоршаған ортаны бақылау үшін дрондарды қолдана аламыз. Бұл журналистерге ақпараттық материалдар, трендтерді бақылауға және деректерді талдауға көмектеседі. Мысалы, фабрикалардан шығатын түтіндер ауқымдылығын, олар қандай көлемде тарап жатқанын дрондар арқылы бақылау оңай. Бейнематериалды жұртшылыққа ұсына отыра өз тұжырымдамаларымен журналист оңтайлы бөлісе алады. Сонымен қатар, бейне және деректі фильмдер жасауда, яғни, жаңалықтар, репортаждарды, деректі фильмдер түсіру үшін дронды қолдансақ болады.

Бұл журналистикада дрондарды қолданудың бірнеше мысалдары ғана. Жалпы, дрон журналистикасы журналистерге әсіресе құпия ақпараттарды немесе журналистік зерттеу мақсатында қолдануға таптырмас құрал. Өйткені журналист оқиға орнына өзі бармай-ақ ақпарат алуын жалғастыра береді. Басқа мемлекеттерде дронды ақпарат алу үшін қолдану қаншалықты өзекті?

**Дрон журналистика басқа мемлекеттердегі қолданысы.** АҚШ-та дрондар журналистикада белсенді қолданыста. Бұл олардың ұсынатын мүмкіндіктерінің кең ауқымына, сондай-ақ технологиялық дамудың жоғары деңгейіне, жабдықтың

салыстырмалы қолжетімділігіне байланысты. 2021 жылғы 28 желтоқсан күні жаңа ережелі дрондар үшін федералды азаматтық басқарма жарияланды [5].

АҚШ авиациясы (Federal Aviation Administration) құрылды. Нәтижесінде, 2023 жылға қарай идентификаторлармен барлық дрондар жабдықталуы керек жөнінде ереже қаралды. Жаңа нормалар АҚШ-та "коммерциялық жетістіктер мен қызмет көрсету үшін" енгізілуде. Ол мемлекетте дрондар көбінесе жаңалықтар оқиғаларын, спорттық жарыстарды, ауа-райының апаттарын, журналистік зерттеулер жүргізу үшін қолданылады. Мысалы, АҚШ-тағы, Еуропадағы редакцияларында адам тобына дрон ұшыру заңды іс емес. Алайда, журналистер ақпарат бостандығы заңы арқылы федералды агенттіктерден, құқық қорғау органдарынан дрондағы түсірілім деректерді ала алады. Онымен қоса, журналистер дрондарды қолданудың орнына спутниктік суреттерді де сұрауға құқылы. Осылайша, 2015 жылы Associated Press зерттеу журналистері Махар (бұрынғы Digitalglobe) компаниясының спутниктері арқылы Маньямадағы жүк кемелерінде құл еңбегін қолдануы туралы дәлелдеу үшін зерттеу жүргізді [2].

Зерттеу барысында адамдарды балық алуға мәжбүрлегенін анықтаған. "Сіздің балығыңызды құлдар ауламады ма?" атты мақала жарияланғаннан кейін нәтижесінде 2000 құлдықтағы адамдар босатылып, АҚШ-та жаңа реформалар қаралған. Журналистикада дронды қолданудың алғашқы жарқын мысалы – бір жарым миллион адамның өліміне себепкер Освенцимнің азат етілуіне 70 жылдығына орай түсірілген фильм [6]. Бұнда Освенцимдегі айыпталушыларды өлтірген бірнеше блокты түсіреді және қиылған кадрдан тыс мәтінсіз бейнелерді сирек субстраттармен көре аламыз. Фильм қарапайымдылығына қарамастан қаралым көп жиналды. Осы нақты кейста аудиовизуалды ақпаратты жинаудың дұрыс таңдалған әдісі экрандағы шығарманы экспрессивті ғана емес, сонымен қатар кең аудиторияға көруге мүмкіндік берді. Украинада 2013-2014 жылдары "абырой революциясы" кезінде дрон арқылы ақпарат таратты [3]. Дрон арқылы шерудегі наразылық білдірушілердің ауқымын көрсетті. Митингтен кейін журналистер бірінен кейін бірі дрон арқылы зерттеу жүргізіп, украиналық шенеуліктердің қымбат саяжайлары туралы материал дайындады. Сонымен қатар, 2017 жылы Беларусь медиасы тікелей эфирлер өткізу дрондарды қолдана бастады [7]. Әзірше бұл дрондар сөз бостандығы дамыған мемлекеттерде өте жақсы дамыған. Ал қалған демократиясы әлсіз мемлекеттерге бұл ұшқын енді келуде. Бұл тенденцияның дамыған мемлекеттерде өзекті болуының бірден бір себебі – қолжетімділік. Себебі экономикалық тұрғысынан мемлекетте, адамдар да, компаниялар да қаржылай қамтамасыз етіп бере алады.

Мысалы, Қазақстандағы сатлымдағы дрондар: DJI Air 2S, DJI FPV, DJI Mini 2, DJI Mavic 2 Zoom, Autel EVO II, FIMI X8SE 2020, DJI Mavic Air 2. Бұл дрондар бағасы кемі 150 мың теңгеден басталып 1 миллион теңгеден асып кете береді. Бірақ бір өкініштісі журналистердің дрондарды қолдануы тапшылық. Өйткені біріншіден, Қазақстанда дрон алушылар тек әдемі бейнелер, немесе ролик түсіру мақсатында ғана алады. Екіншіден, тұрғындарда дрондарды тек атмосфералық бейнелерді түсіру мақсатында ғана қолданады деп тұжырымдайды. Үшіншіден, сөз бостандығы аса қатты дамымаған. Ал менің ойымша, дрон журналистикадағы басты мақсат – бұл жолжетпес ақпаратты алу және сол процессте қазіргі озық технологияларды қолдану дер едім. Журналистика дамыту мақсатында дрондарды әртүрлі мақсатта қолдана білген жөн. Әрине, дәстүрлі журналистика әрқашан қолданыста болады. Алайда, жаңа тенденцияға көшу арқылы біз дамуға қол жеткізе аламыз. Қазақстанда дрон журналистиканың ұшқынын қатты байқамағандықтан бұл саланы толықтай игеру керек деп есептеймін. Мысалы, университеттерге журналистика саласын оқытатын факультетке кем дегенде 10 дрон сатып алып беріп, соны студенттерге үйрету керек.

Себебі дронды үйрену біраз уақыт алады. Осыған байланысты фрилансер және дрон операторы Джонни Миллер "дрондарды қолдану – ерекше қабілет"-, деп атап өткен [2]. Қазір конвергентті журналист болу қоғам талабы. Сондықтан жоғары оқу орын барлық

жағдаймен қамтамасыз ету керек. Екіншіден, журналистика дамуында ықпалы зор. Әсіресе, фотожурналистика саласы мен журналистік зерттеу үшін таптырмас құрал.

Егер мемлекетте журналистика саласы дамымаса жаңалықтарды лезде жеткізу, оны оқу процесстері баяулайды. Бұл тиісінше дамыған мемлекет қатарына қосылуға ықтималдылықты төмендетеді. Өйткені адамдар өміріне тікелей қатысты ақпаратты білу маңызды. Сондықтан дрон журналистиканың қолданысын арттыру керек деп тұжырымдаймын.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Лукашевич, К. П. : [Дрон-журналистика как метод сбора информации | Статья в журнале «Молодой ученый» \(moluch.ru\)](#) Жас ғалым №26 (160) маусым 2017 ж. (18.01.2024)
2. Global Investigative Journalism Network мақаласы: [Использование дронов в журналистике: Путеводитель – Global Investigative Journalism Network \(gijn.org\)](#) Моника Сэнгул-Джонс, 23 тамыз 2021 ж. (27.01.2024)
3. Internews Kazakhstan мақаласы: [Дрон-журналистика и расследования | Internews Kazakhstan \(intranews.kz\)](#) Қазақстан, 7 қазан 2016 (30.01.2024)
4. Нэлли Блай: [Нелли Блай — история, сумасшедший дом, побег, психбольница, биография, журналистка, разоблачения, кругосветное путешествие - 24СМИ \(24smi.org\)](#) 12 қаңтар 2023ж. (31.01.2024)
5. Жоғарыдан қарау: Дрон журналистикасының этикалық және құқықтық аспектілері: [9818bf92738dbce83c5ad5b12a7c9632.pdf \(msu.ru\)](#) Кумылганова И. А., 2020 ж. (03.02.2024)
6. Қазіргі журналистикада дрондарды қолдану: [Использование дронов в современной журналистике \(nauchkor.ru\)](#) Карпенко.И.И., 2018 ж. (08.02.2024)
7. Белоруссия медиасы: [Hradziushka\\_dron.pdf \(bsu.by\)](#) 2019 ж., (10.02.2024)
8. Журналист өлімдері: [В 2023 году в мире было убито 94 журналиста – Коммерсантъ \(kommersant.ru\)](#) 8 желтоқсан 2023, (17.02.2024)

ӘОЖ 659.441

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАДАҒЫ PR-ДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мырзағалиева Аружан  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
2 курс студенті,  
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы Алғалиева Г.С.

**Аңдатпа.** Қазақстандағы кәсіпкерлердің өз бизнесін дамытудағы қолайлы әдістері мен географиялық ерекшеліктері. Кәсіпкерлердің тұтынушымен байлынысқа түсуінің маңыздылығы мен мәні. Мақала кәсіпкерлік ортада БАҚ өкілдері мен әлеуметтік желідегі PR жарнаманың оң және теріс тұстарын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** кәсіпкерлік, PR, БАҚ, әлеуметтік желі, нарық, тұтынушы, мақсатты аудитория, сандық көрсеткіштер, әлеуметтік жауапкершілік, байланыс.

**Abstract.** Suitable methods and geographical features of entrepreneurs in Kazakhstan in developing their business. The importance and value of businessmen's contact with customers.